

## **Отырар – ұлылар мекені**

Абайқызы Жансая

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор А.Б. Қалыш  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Отырар – кәрі тарих қойнауындағы тамыры тереңде жатқан өңір. Отырар-Фараб Сырдарияның орта шеніндегі ірі феодал иелігінің астанасы болған, IX-XII ғасырларда аймақтың бас қаласы, XIII-XV ғасырларда Қазақстанның оңтүстігіндегі аса ірі қалалардың бірі, ал XVI-XVII ғасырларда қазақ хандығының саяси және экономикалық орталығына айналды. Отырар XVIII ғасырдың орта шенінде қаңырап бос қалып, сол ғасырдың екінші жартысында әбден қирап, төсін жаңбыр шайып, жергілікті тұрғындар Отырартөбе деп атап кеткен үйіндіге айналған [1, 6 б. ].

Бұл өлке – бүкіл елімізге, тіпті алыс-жақын шет елдерге есімдері мәлім болған, өнер адамадары мен қоғам қайраткерлерін дүниеге әкелген мекен. Олардың көшбасында – ғұлама ғалым, шығыстың екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби. Қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналған, аты алты алашқа әйгілі, қазақ вальсінің королы – Шәмші Қалдаяқов. Лирик ақын, қаламынан қаншама туындылар жарық көрген Мұхтар Шаханов, айтыс өнерінің саңылақтары Әселхан Қалыбекова, Бекарыс Шойбеков сынды т.б. өнер алпауыттары дүниеге келген мекен.

Отырар ауданы – Түркістан облысының батысында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. Халық саны – 53 795 тұрғын. Аудандағы 43 елді мекен 11 ауылдық округке біріктірілген. Орталығы – Шәуілдір ауылы. Аудан 1935 жылы Қызылқұм өңірі ретінде құрылды [2-3]. Отырар ауданының көркті жерлері: Арыстан баб кесенесі, Отырар төбе, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі және т.б.

### **Отырар қалашығы**

Отырар ауданындағы б.з. I-XVIII ғасырының көрікті ескерткіштерінің бірі – Отырар төбе қалашығы. Отырар – Орталық Азиядағы ежелгі қалалардың бірі. Бұл ескерткіш еліміз үшін де, жалпы әлемдік мәдениет пен тарих үшін маңызы зор, өйткені бұл қала Ұлы Жібек жолының маңызды экономикалық және діни орталықтарының бірі болды. Отырар қалашығы Арыс өзенінің төменгі ағысында, Сырдарияға құятын жерде, Темір теміржол станциясынан батысқа қарай 10 км жерде, қазіргі Талапты ауылының маңында, Түркістан қаласынан оңтүстікке қарай 57 км жерде, Шымкенттен солтүстік-батысқа қарай 120 км жерде орналасқан.

Отырарда алғашқы қазбаларды 1904 жылы Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің мүшелері А.К.Кларе мен А.А.Черкасов жүргізді [4, с. 13-35]. Алынған материалдар негізінде бекіністі қоныстардың хронологиясы ұсынылып, керамиканың алдын-ала классификациясы жасалды [5; с. 3-215]. Монша тәрізді қоғамдық ғимараттар қала құрылысында пайда болды. Моншадан шыққан ағынды су үй-жайдан тыс текшелер сызығының көмегімен сіңірілетін шұңқырға шығарылды.

Отырардың гүлдену кезеңін моңғолдардың шапқыншылығы тоқтатты. Қала қирап, халық қуылды [6]. Моңғол жаулап алушылар тарихнамасында бұл оқиға «Отырар апаты» деп аталады. Негізгі қорғанның төменгі жағынан биіктігі 18 м дейін, қала арығының қалдықтары сақталған.

2001-2004 жылдары ЮНЕСКО, Қазақстан және Жапонияның «Ежелгі Отырар қаласын сақтау және сақтау» жобасы жүзеге асырылды. 2004 жылдан бастап «Ежелгі Отырарды жаңғырту» мемлекеттік бағдарламасы әрекет етеді. Қазіргі уақытта мұнда Археологиялық ашық аспан астындағы мұражай қызмет жасауда.

### **Құйрықтөбе қалашығы**

Отырар елді мекеннің оңтүстік шығысынан 5 км жерде орналасқан. Бұл – Отырар оазисінің ең ірі ескерткіштерінің бірі, Сырдарияның орта ағысында өзенге құятын жерде орналасқан.

Құйрықтөбедегі қазба жұмыстары 1951 жылы басталды. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н. Бернштам). Қоныс цитаделінде қала билеушісі сарайының үйі ашылды. Қазба жұмыстары 1981 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы бастауымен қайта жалғасты [7]. Құйрықтөбе қонысы X-XI ғғ. Фараб аймағының астанасы болған ортағасырлық Кедер қаласы деп қарастырылады. 1981 жылы басталған қазбалар елді мекеннің барлық бөліктерінде жүргізілді. VII-VIII ғасырлар деңгейіндегі тұрғын ғимараттар Шахристаннан үлкен аумақтарда ашылды. Мұнда собор мешітінің қалдықтары да табылған. Цитадельдегі қазба жұмыстары кезінде әр түрлі құрылыс кезеңдеріндегі құрылыс құрылымдары табылған. Төменгі горизонттың құрылымдары цитадельдің сарай ғимаратына тиесілі болды, ол жасанды платформаға орналастырылды, ол бірнеше қатар қабырғалардан, пахса блоктарынан тұратын күрделі құрылым болды [8, с.128-131].

Қазба материалдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының археология мұражайында сақтаулы.

Құйрықтөбені қазған кезде алынған бірегей материалдар Оңтүстік Қазақстан қалары халқының орта ғасырлардағы сәулет өнері, өнері, діні мен тұрмыс-салты, өзара мәдени байланыстары туралы, бұған дейінгі мағлұматтық таным аясын кеңейте түсуге мүмкіндік беріп отыр.

#### **Арыстан баб кесенесі**

Ежелгі Отырар қалашығынан алыс емес Оңтүстік Қазақстан облысында мұсылман қажылары арасында ең танымал орындардың бірі – Арыстан баб кесенесі. Ол Шәуілдір ауылынан солтүстік батысқа қарай 8 км жерде орналасқан.

Арыстан баб әулиенің есімі үлкен дәрежеде аты аңызға айналған адам болған. Аңыздарда оның Мұхаммед пайғамбардың серігі болғандығы айтылады. Ол батыр және сонымен бірге бағбан болған және пайғамбарға бақша отырғызуды үйреткен. Аңыздарда оны Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы және рухани тәлімгері деп атайды. Халық аңыздары мен жазба деректері бойынша Арыстан баб 400 жылдан кейін Қожа Ахмет Ясауидің тәлімгері болып, оған құрманы тапсырады. Сондықтан Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барар жолда бұл әулиеге соғып кету, халық арасында құрмет көрсету үлкен бақыт деп саналады. Аңыз бойынша Арыстан баб қайтыс болып, XII ғасырда Отырар маңында жерленген. Бәлкім кесене сол уақытта салынған шығар, бірақ ол туралы нақты ақпарат жоқ.

Қазіргі уақытта Арыстан бабаның қабірінің үстінде күйдірілген кірпіштен салынған аумағы 35x12 метр кесене бар. Қасбеттерді безендіруде кескіндемелі кірпіштен жасалған бұйымдар қолданылған, ұзартылған негізгі қасбет екі мұнарамен қоршалған және кескінді кірпішпен безендірілген. Сақталған ғимарат XX ғасырдың бірінші онжылдығында салынған. Бұл екі бөліктен тұратын кешен – екі камералы қабір қорасы (гурхана) және мемориалды мешіт, үлкен сақталған дәлізбен біріктірілген. Гурхана екі бірдей жоғары сферо-конустық күмбездермен жабылған. Оның бірінші бөлмесінде Арыстан бабтың алып құлпытасы, екіншісінде оның шәкірттері мен ізбасарлары Гермет-Азыр, Қарға-Баб, Лашын-Бабтың құлпытастары бар. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл кесене XII-XVIII ғасырларда бірнеше рет қалпына келтірілген. Қазіргі уақытта кесене Орталық Азиядағы мұсылмандық қасиетті орындардың бірі болып табылады және зиярат етуші орын болып табылады. 1982 жылдан бастап Арыстан баб кесенесі мемлекеттік қорғауда [5, с. 266]. Сонымен қатар кесенің сол жағында XIV ғасырда қазылған құдық бар, тереңдігі 14 метр. Зиярат етіп келгендер осы құдықтан дұға жасап, өзінің арман-тілегін айтып дәмін көреді.

#### **Қаракөншек қалажұрты**

Қаракөншек қалажұрты, I-VI ғасырға жататын, Шәуілдір ауылының оңтүстік шетінде, Арыс өзенінің оң жағалауында орналасқан. 1948-1949 жылдары Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н. Бернштам), 1969-1970 жж. Отырар археологиялық

экспедициясы (К.А.Ақышев) зерттеген. Үшбұрыштанып келген төбенің көлемі: оңтүстік-шығыс жаны 180, оңтүстік-батыс жаны 160 м, солтүстігі – 190 м, биіктігі – 15 м, төбесінде 75х60 м болатын дөңгеленген алаңы бар.

Төбедегі қазіргі заман молаларынан шыққан топырақ ішінде қара және қызыл ангоб жағылған, жылтыратылған сырсыз керамиканың біраз үлгілері кездеседі. Қала орнының территориясында 3100 дана шағатайлықтар соққан күміс теңгелердің көмбесі табылған. Материалдар Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі мен Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорларында сақтаулы [7].

Қорытындылай келе айтарым, Отырар – Ұлылар дүниеге келген қасиетті мекен. Елбасы айтқандай Отырар – Қазақ өркениетінің алтын діңгегі. Атақты ойшыл, философ Әбу Насыр әл-Фарабиді және Фараби сынды отызға жуық ғұламаны, Өзбекәлі Жәнібеков сияқты қайталанбас қайраткерді тудырған, Шәмшідей дарынды дүниеге әкелген, Мұхтардай ақынды сыйлаған құт мекен. Дегенмен, сан ғасырлық тарихы бар елді мекеннің өзіндік проблемаларыда жетерлік. Олардың біршамасының шешімі шешілуде. Мәселен, Отырарды жаңғырту жобасы аясында жақсы жолдар салынуда. Сонымен қатар туристті қызықтыратын әдебиеттер мен жақсы қонақ үйлерде қажет. Себебі, Орталық Азиядан әр жұма күндері тек қажылар ғана емес, көптеген туристтер келеді. Туристтер ішінде тарихқа, археологияға қызығушылығы барлар да жетерлік. Бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің тұрғындарын айтпағанда, Жапониядан, Қытайдан, Кореядан туристтер бар. Айтайын дегеніміз, ең бастысы – туристік маршруттарды ыңғайландыру қажет. Себебі, еліміздің, туған жеріміздің тарихқа толы, әсем жерлерін әлемге таныта отырып, Қазақстанды шет елдерге таныта аламыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Отырардағы Отырар керамикасы / Альбомның алғы сөзін жазған әрі иллюстрациялық материалдарын құраст. К.М. Байпақов пен Л.Б. Ерзакович. – Алматы: Өнер, 1990. – 212 б., ил.
2. Численность населения Республики Казахстан по полу в разрезе областей, городов, районов, районных центров и поселков на начало 2019 года. – Астана, 2020.
3. Кзылкумский-Отрарский район // Справочник по истории совхозов Южно-Казахстанской области (1918-1994). – Шымкент, 1996.
4. Кларе А.К., Черкасов А.А. Древний Отырар и раскопки, проведенные в развалинах его в 1904 г. // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. Год IX. – Ташкент, 1904.
5. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института истории археологи и этнографии АН КазССР. – Т.5. – Алма-Ата, 1958. – С. 3-215.
6. Акишев К.А., Байпақов К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. – Алма-Ата: Наука, 1972.
7. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – Алматы, 1994. – 367 с.

#### **Қасиетті Қазақстан**

Абдурахит А.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Баймағамбетова А.А.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындардың барлығы елімізде осы киелі орындар санатына жатады. Дүниежүзі бойынша жер көлемі жағынан тоғызыншы орын алатын елімізде киелі жерлер баршылық. Бірақ, сол жерлердің дәріптелмеуі жағынан және де жеткілікті түрде зерттелмегенінің кесірінен халқымыз киелі жерлердің көбісін білмейді. Біз ұлан-ғайыр жерге ғана емес, тарихи рухани мол мұраға да ие екенімізді өз елімізге ғана емес, басқа да елдерге